



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Кенес

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен арнайы инвестициялық кеңес өтті. Күн тәртібінде еліміздің инвестициялық саясаты, инвестиция тартудың жаңа тәсілдері, инвесторлар құқығын қорғау шаралары және инвестициялық оғымдасменнің реті туралы мәселелер қаралды. Оған облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, облыс прокуроры Ризабек Ожаров селекторлық режим арқылы қатысты.

774,5 млрд теңге ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫЛҒАН



Инвестициялық кеңестен соң облыс әкімі орынбасарының төрағалығымен өткен мәжілісте өңірдің инвестициялық ахуалы, қолдау шаралары талқыланып, сала басшыларына тиісті тапсырмалар жүктелді. Былтыр өңірге 631,4 млрд теңге инвестиция тарту жоспарланған. Индустриялық және инфрақұрылымдық жобалар есебінен 774,5 млрд теңге инвестиция тартылып, индикатор 22,7 пайыз, яғни 143,1 млрд теңгеге артық орындалды. Жеке қаражат – 558,6 млрд теңге, 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өсім – 14,9 пайыз, жеке инвестицияның үлесі 72 пайызды құрады.

өсімдіктер шынығып, желке айнап жатқан-ай үлгісі мен ідейлері құрады. Әсіресе, 2018 жылғы 1-ші жартыжылдағы жұмыс нәтижелеріне қарағанда, 2018 жылы дары 1 трлн 900 млрд теңгенің 48,1 инвестициялық жобасын жүзеге асыру, 6 мыңнан астам жана жұмыс орнын ашу көзделген. Биыл жалпы құны 100 млрд теңгені құрайтын 21 жоба, атап айтқанда, құаттылығы 3,5 мың тонналық күс фабрикасы, 5,2 мың тонналық тауарлы сүт фермасы, вагон жөндеу кешені және 50 МВт-тың 2 күн электрстанциясы іске қосылды. Бұдан бөлек 753 млрд 300 млн теңгеге бағаланған 14 ірі жоба кұрылысы басталды.

Былтыр корейяқ *«With you E&C Qyzylorda»* компаниясының тұрмыстық қатты қалдықтар сұрыптау кешені, Rixos қонақ үйінің құрылысы қолға алынды. «Табиғи тас Қызылорда» серіктестігі 17 млрд 300 млн теңгеге жылына 1 млн 100 мың тонна әк шығаратын зауытты іске қосады.

«Шалкия» көн-байыту фабрикасы, «Seven rivers technology» компаниясының шыны бетке, испандық «Roca group» компаниясының санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын жоғары технологиялық зауытының құрылысы да жақында басталмақ. Швейцариялық «Harvest Agro» компаниясының техникалық қарасора, жүгері мен соя өсіретін, қайта өңдейтін зауытының, жүгері дақылын терең өңдейтін қорғалмас-сиде зауытының құрылысы басталды.

Айта кетейік, Қазақстан Республикасы инвестициялық саясатының 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес арнайы өңірлік инвестициялық штаб құрылған. Былтыр инвестициялық штабтың 9 отырысы өтіп, 30 инвестжобаны қолдау шаралары қабылданды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Бағдарлама игілігі

«Ауыл аманаты»: 66 жоба қаржыландырылған



Халықтың тұрмыс сапасын жақсарту күн тәртібінен түспейді. Бұл ретте бірінші кезекте елдегі жұмыссыздық мәселесінен күрес шараларын белсенді жүргізу керек. Әсіресе ауылдық жерде қазір бұл мәселе қат. Рас, ауылдағы ағайынның бірқатары білім ошағы, емхана, мәдениет үйі, жергілікті әкімдік секілді мекемелерде екі қолға бір күрек табар, ал қалғанына қайтпек керек? Міне, бұл сауалдың түйінін тарқатуда тағы бір салаға серпін беру қажет. Әлбетте ол – кәсіпкерлік.

Баяғыдай «халық жалқау» деп көпте тонырақ шашатын заман емес. Шындайында, ел еңбекқор, тек бағыт-бағдар беріп, дұрыс жол сітесен жеткілікті. Ал қаржылай қолдау жағын мемлекет өз мойнына алғалы әлдеқашан. Бұл сөзімізді еліміздегі кәсіпкерлікті қолдауға негізделген түрлі бағдарламалар қуаттайды. Ауылдағы ағайынның алды оның жемісін көрді де, енді өсі бағыттағы жұмыс толастамаса, ауылдық жердегі жұмыссыздық мәселесін де түбегейлі шешуге жол ашылады.

Рас, елімізде соңғы 10-15 жылда көпсірепкелі саласын қолдауға негізделген түрлі бағдарламалар жұмысын бастады. Әлбетте онымен тұтас халықты қаржылай қолдаумен қамтамасыз ету қиын шығар. Әсіресе ауылдарға ағайын одан өз үлесін толық ала бермейді. Мұның бәрі Мемлекет басшысының назарында. Үш жыл бұрын Президентің «Ауыл аманаты» жобасын осы елдің игілігіне бағыттауы – тағы да бұл сезімге түйсік.

Иә, аталған жоба негізінен ауылдық жердегі жұмыссыздық мәселесін

түсү, кәсіпкерлік саласын дамыту, халықтың өз-өзін жұмыспен қамтып, тұрмыс саласын көтеруге бағытталған. Қазір оның жемісін еріге бармай-ақ, бәрi ғана Жалағаш ауданында жүзеге асқан жобалардан байқауға болады. Бұл жоба 2023 жылы өз жұмысын бастады. Сол уақыттан берi ауданда қанша жоба қаржыландырылды? Оның елдi мекендердегi жұмысыздық мәселесін шешуде улесi қандай? Бүгiнгi мақаламызда осындай бiрқатар сауалдың түйiнiн тарқатуға тырыстық.

2023 жылы «Байқоңыр» ӘКК» АҚ

арқылы өндіріс, асылтұқымды мал шаруашылығы, қызмет көрсету, өсімдік шаруашылығы бағыттарында бір-қатар жоба дайындалды. Нәтижесінде жалпы құны 179,7 млн теңгелі құрайтын 22 жоба қаржылай қолдау тапты. Оның ішінде ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі арқылы 3 жоба 47,5 млн теңгеге қаржыландырылып, жеке кәсіпкерлер ұсынаған 19 жоба 132,2 млн теңге қаржылай қолдауға ие болды. Ал нәтижесінде ауданға қарасты ауылдық елді мекендерде жаңадан 33 жұмыс орны ашылды.

Аудандық кәсіпкерлік және өнер-
кәсіп бөлімінің басшысы Қайрат Жап-
басбаев аталған жобаның жемісін бү-
гінде жалағаштықтар көріп отқанын
айтады. Әсіресе ауылдық жерлерде
жұмыссыздық мәселесін тұсау, кәсіп-
керлікті дамытуға бұл жоба даңғыл
жол ашытынына сенімді

Жалғасы 2 бетте

Брифинг

16 жылда екпемен басқарылатын жұқпалы аурулар тіркелмеген

Ауданда өткен жылы жұқпалы аурулар бойынша тұрақты эпидемиологиялық ахуал қалыптасқан. 52 нозология бойынша ауру тіркелмеген. 2024 жылмен салыстырғанда 25 нозология бойынша сырқаттанушылықтың төмендеуіне қол жеткіздік. Осы орайда профилактикалық екпелердің айрықша маңызын атап өту керек. Соңғы 16 жылда вакцинамен басқарылатын жұқпалы аурулардың, оның ішінде күрээк, сіресе, гемофильді инфекция, көкжөтел, полиомиелит, паротит, пневмококк инфекциялары тіркелген жоқ. Егу шараларының нәтижесінде «А» вирусты гепатитпен ауыру көрсеткіші 2024 жылмен салыстырғанда 33,3 есе азайған. Қызылша аурушандығы 9,1 есе төмендеген. БАҚ өкілдерімен өткен брифинг аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзираш Айымбетова осылай делі.



кіші 100 пайызды құралды.

Спикер өткен жылы туберкулез ауруының 15 жаңа жағдайы тіркелгенін айтады. Аурушандық көрсеткіші 1 жағдайға өскен. Бруцеллез ауруы былтыр мүлде тіркелмейті.

Ауызу сапасына келсек, орталықтандырылған сумен жабдықтау нысандарынан микробиологиялық көрсеткіштерге 326 су сынамаcы алынып, оның 11-і талапқа сай келмейтіні белгілі болды. Санита-

риялық-химиялық көрсеткіштерге 260 сынама алынып, оның 23-інде сәйкессіздік, көбіне құрақ қалдық, хлоридтер нормадан жоғары екені анықталған. Орталықтандырылған сумен жабдықтау нысандарында жуу, тазалау және дезинфекциялау жұмыстары толық жүргізілген.

– Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының маңызды бағытының бірі – ішкі сауда нарығы айналымындағы

өнімдер қауіпсіздігін бақылау. Осы мақсатта былтыр сауда орындарынан 228 өнім сынамасы сатып алынған. Басым үлесі – 201 тағам өнімі және 27 тамақ емес өнім. Жүргізілген сараптама нәтижесімен 20 үлгі техникалық регламент талаптарына келіспеді. Атап айтқанда, микробиологиялық көрсеткіш бойынша 1, физикалық-химиялық көрсеткіш бойынша 4, таңбалануы бойынша 3, сәйкессіздік анықталды. Сөйкес кел-

меген өнімдер бойынша 4 нысанға жоспардан тыс 4 және 1 нысанға төгеп-тексеру жүргізілді. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мұндай шаралар алдағы уақытта да жалғасын тады, – деді Гүлзираш Айымбетова.

Өткен жылғы өзгерістің бірі қыры құмқентен бастап балабақша мен мектептерде колледждерде жаңа тамақтану стандарты іске қосылды. Басты өзгерістерге келсек, тұз мөлшері 5 есе, қант мөлшері 3,6 есе азайған. Есесіне көкөністер, жемістер және сүт өнімдерінің үлесі артқан. Шұжық өнімдері, ұсталған тағамдар мәзірден алынып тасталды. Тәтті сусындар орнына су, сүт, сүт қышқылды өнімдер мен компоттар ұсынылуда.

Будан бөлек «Жеуге жарамсыздық индексі» ұғымы енгізілді. Ол балаларға ұсынылған тамақтан талпақа қаншалықты сәйкес келетінін бақылауға мүмкіндік береді. Егжейкөрсеткіш 30 пайыздан жоғары болса, мәзір түзетіледі. Оң жылында «Жеуге жарамсыздық индексі» бағалана отырып, оның іске асырылу барысына мониторинг жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде біркрат ұсыныс әзірлеп, 2026 жылға төрт апталық перспективалық акс мәзіріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Тарқатып айтсақ, көп қалды қалатын арпа көжелер, қарақұмық қызылша салаты алынып тасталды. Оның орнына сүткем, сүт-қатық балғын салат, яғни құймен мен қызанақ қосылған. Ауданның бас санитары алдағы уақытта да мониторинг жұмыстары тұрақты жүргізілетінін жасмады.

Басқармаға былтыр халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы бағытында мемле-

көткік қызметтің 2 түрі бойынша 82 өтініш түскен. Оның 42-сі қанағаттандырылып, рұқсат құжаттары берілген. Ал 16 өтінішке дәлелді бас тартулар ұсынылған. Тапдау көрсеткендей, жыл сайын мемлекеттік қызмет алушылар саны артып келеді. Мәселен, өткен жылы 329 өтінішке өскен.

Спикердің сөзінше, былтыр 1 жоспарлы тексеру жүргізілген. Нәтижесінде 1 заң бұзушылық анықталып, 39 320 теңге айыппұл жоспардан тыс 28 тексеру жүргізіліп, оның қорытындысымен 1 заң бұзушылық тіркеліп, 514 560 теңге көлемінде айыппұл салынған.

Биыл жұпталы және парази-
тарлық аурулардың алдын алу,
аса қауіпті жұпталы аурулардың
болдырмауға, оның таралуына
жол бермеу, тағам өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, ны-
сандарда өндірістік бақылау
жұмыстарын жүргізу, мемлекеттік
бағдарламалардың орындалуына
ауданда халықтың салауатты өмір
сүруін қалыптастыру жұмыстарын,
яғни осындай басқа да негізгі бағыт-
тарда аудандық санитарлық-эпи-
демиологиялық бақылау басқар-
масының ұжымы нәтижелі жұмыс
атқармақ.

Брифинг соңында басқарма басшысы БАҚ өкілдерінің бірқатар сауалын жауапсыз қалдырмады. Сондай-ақ ол кез келген кеселмен күрескеннен оның алдын алған тиімді екенін қалғере салды. Ал езі басшылық ететін ұжым осы мақсатта быыл да нәтижелі жұмыс атқаратынына сенім білдірді.

К.БАЛҒАБАЙҰЛЫ

2 ҚОҒАМ

Конференция

«Руханият» орталығында аудандық ардагерлер кеңесінің кезекті ІХ есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Оған аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов, аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, облыстық ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірбек Шәменов, ардагерлер кеңесінің мүшелері, қоғамдық ұйым жетекшілері, сала басшылары, ауыл әкімдері және БАҚ өкілдері қатысты. Жиында аудан әкімінің орынбасары Ғани Кенжеғараұлы аймақта атқарылған жұмыстарға тоқталып, конференция жұмысына сәттілік тіледі.



Ардагерлер кеңесі: 5 жылдық жұмыс пысықталды

Басқосуда аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев есеп беріп, өткен бес жылдықта атқарылған жұмыстарды көңінен тарқатты. Мұнан бөлек ардагерлер қоғалығының өзекті мәселелері талқыланды. Сондай-ақ алдағы мақсат-міндеттер айқындалып, жастарға өнеге көрсету, қоғамдық келісімді нығайту бағытындағы жұмыстарға ерекше мән берілді.

— Конференция еліміздің егемендік алып, дербес мемлекет болғанына 35 жыл толғалы отырған мерейлі мерекелі жылдың басында өткелі отыр. Бүгінде еліміз дербестікке қол жеткізген экономикасы дамыған, халықаралық дәрежедегі мемлекеттер арасында өз орнын алған, сындарлы саясатымен танылған, жаһан елдері санасатын кемелденген мемлекетке айналып отыр. Еліміздің қол жеткізген табыстарында аймағымыздың алар орны ерекше. Соңғы үш жылда еліміздің даму жолындағы жарыстарда көрсеткіштердің барлық саласында алдыңғы орында келе жатқан аймағымызға, оның басышына өзінің Қызылорда қаласына келген соңғы сапарында Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының берген бағасы соның дәлелі. Осындай толғай табыста біздің ауданның да, оның халқының қатарында 4 178 ардагердің өзіндік үлесі бар деп толық айта аламыз. Есепті мерзімде аудандық ардагерлер кеңесі ардагерлердің қалыпты әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын, олардың құқықтары мен еркіндігін, ауданның қоғамдық өміріне белсене араласуын, маңызды шараларға қатысуын қамтамасыз етуді мақсат етіп, оны жүзеге асыруда бірқатар жұмыс атқарды. Ардагерлер кеңесі аудан әкімдігімен, аудандық мәслихатпен, ауылдық округтер әкімдіктерімен, мекеме басшыларымен тығыз байланыста болып, әлеуметтік-саяси бағдарламаларды орындауға, ауданның тыныс-тіршілігіне өз мүмкіндіктеріне қарай араласып, үнемі өз үлесін қосудан қатар аудан халқының бірлігін сақтауға ықпал етіп келеді, — деді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев.

Айта кетейік, ауданда 79 бастауыш ардагерлер ұйымы бар. Олардың құрамында 4 178 зейнеткер есепте тұрады. Оның 64-і тыл ардагері мәртебесіне ие. Ал 19-ы — ауған соғысының ардагері. Мұнан бөлек 15-і тәжік-ауған шекарасындағы, 22-сі Таулы Қарабахтағы әскери қақтығыстарға қатысқан, 29-ы Семей полигонындағы сынақтардан, 3-еуі Черныль апатынан зардап шеккен.

Садық Әлиев ауданда бес жылда 1 456 адам зейнеткерлікке шыққанын айтады. 2020 жылы 192 адам зейнеткерлікке шықса, былыртүр бүл көрсеткіш 303 адамды құрады. Зер салсақ, зейнеткерлердің 427-сі 80 жастан асқан, ал 401 зейнеткердің жасы 80-89 жас аралығында, 26-сы 90 жастан асыпты. Оның бірі — кент тұрғыны Балаш Омарова. Ақжаулықты әкесі жыл басында 99 жасқа толды. Ал Есет батыр ауылының тұрғыны Рахима Абызбаева әжеміс 95 жасты бағындырса, Аққум ауылындағы Жұпар Орынбаева тамызда 94 жасқа толмақ.

— Ардагерлеріміз ауданның қоғамдық өміріне белсене араласып, елдің бірлігі мен тыныштығын сақтауда, ұрпақ сабақтастығын жалғастырып, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде нәтижелі еңбек етіп келеді. Олардың еңбегі әрқашан бағалана келеді. Бүгінде екі ардагеріміз «ҚР еңбегі сіңген қызметкер» атағына ие болса, облыс әкімінің «Құрмет» грамотасымен 2 ардагер марапатталды. «Облыстың дамуына қосқан ерекше еңбегі үшін» медалымен тағы 2 ардагер марапатталған. 178 ардагер ауданның құрметті азаматы атанды. Бүгінде оның 99-ы қатарымызда бар. Орталық кеңестің «Құрмет белгісі» төсбелгісімен 6 ардагер марапатталды, облыстың «Құрметті ардагері» төсбелгісін 17 ардагер кездесіне тақты. Мұнан бөлек 43 ардагер ауданның құрметті ардагері атағына лайық деп танылды. Зейнеткерлеріміз мемлекет қамқорлығына сәйкес зейнетақылармен және арнайы жәрдемақымен қамтамасыз етілген, кідіріссіз, уақытында алып тұрады, — деді Садық Әлиев.

Ауданда ардагерлердің есебі нақтыланып, ұқымдар, елді мекен, негізінде құрылған 79 бастауыш ұйымға бекітілген. Барлық ұйым тарапынан ардагерлердің тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы зерттеліп, мәлі-

меттер тиісті әлеуметтік картаға түсірілген. Садық Әлиев мәліметтер үнемі қаралып, жаңартылып тұратынын айтады. Тіпті барлық жұмыстың нәтижесін асы бастауыш ардагерлер ұйымдарының талапқа сай жұмыс атқаруымен байланыстырады. Сондықтан олардың төрағалары аудандық ардагерлер кеңесінің алқа мүшесіне, семинарларға қатысып, өзара тәжірибе алмасып, бір-бірінен үйренуіне мән беріледі.

— Ұйым жұмыстарын жолға қоя отырып, ардагерлердің қоғамдық өмірге араласуында жастар арасында тәрбие жұмыстарын жетілдіруде біршама табысқа қол жеткізуде. Бастауыш ардагерлер ұйымдарының құрылымдық жүйесін жетілдіру, жақсарту, олардың жиналыстары мен алқа отырыстарында бастауыш ұйымдар жауапкершілігін көтеруге байланысты мәселелер талқылап, нақты көмек көрсету, олардың беделін, белсенділігін көтеріп, жұмыстары бағаланатын жағдайға қол жеткізіліп келеді, — деді спикер.

Садық Әлиев «барлық бастауыш ұйым жоғары дәрежеде жұмыс атқарып отыр деп айта алмаймын» деді. Сөзінше, ардагерлердің басын қосып, жиналыс өткізіп, онда зейнеткерлердің мұң-мұқтажы мен ауылдың, ұйымның алдында тұрған мәселелерді талқылау, тиісті шешім қабылдап, мәселе көтеру жолға қойылмаған. Тіпті мерейлі жасқа келген ардагерлерге сый-құрмет көрсету, халық алдында алғыс айту, ауданда өтетін шараларға ардагерлерін қатыстыра алмайтын ұйымдар да жеткілікті көрінеді. Осыған дейінгі бастауыш ұйымдардың есеп беру, сайлау жиналыстарында соңындай кемшіліктер қаралған. Мұнан бөлек 79 бастауыш ұйымның төрағалары есеп беріп, атқарған жұмыстары үшін басым келісілігі «қанаттанарлық» деген баға алған. Бірақ әлі де атқарылатын жұмыстың көптігі айтылған. Сайлау қорытындысында жаңадан сайланған бастауыш ардагерлер ұйымының алқа мүшелігіне 431 ардагер сайланып, қоғамдық жұмысқа тартылған белсенді ардагерлер саны артқан.

Сайланған бастауыш ардагерлер ұйымы төрағаларының 42-сі — әйел, 44-інің жасы 70-ке де толмаған, есеп беру, сайлау жиналысында 15 төраға ауысқан. Спикер жаңадан сайланған, қайта сайланған бастауыш ұйымдар төрағаларының барлығы дерлік кезінде ауданның экономикасы мен мәдениет және әлеуметтік саласында еңбек еткен, өмірлік тәжірибесі мол, елге белгілі құрметті азаматтар екенін айтады. Сондай-ақ ол жаңа құрам айтылған кемшіліктерді болдырмайтынына деп сенім білдірді.

Ардагерлер ұйымының жұмысына құрамында 35 адамы бар аудандық кеңес пленумының мүшелері, 11 адамнан тұратын аудандық ардагерлер кеңесінің алқасы басшылық жасайды. Сондай-ақ аудандық ардагерлер кеңесі жанынан 4 тұрақты комиссия және тексеру комиссиясы құрылып, жұмыс атқаруда. Аудандық ардагерлер кеңесінің алқа мүшелерінің әрқайсысына аудандық ардагерлер ұйымының жарғысында алға қойған мақсаттарды жүзеге асыруға байланысты негізгі жұмыстар бөлініп берілген. Сонымен қатар алқа мүшелері нақты практикалық көмек көрсетіп, жетекшілік жасау үшін бастауыш ұйымдарға бекітілген.

— Аудандық ардагерлер кеңесі жыл басында жұмыс жоспарын жасап, алқа мәжілісінде бекітеді. Бұл жоспар ардагерлердің ауданның мәдени-қоғамдық шараларға белсене қатысып, олардың материалдық-моральдық жағынан қолдауды жақсартуға бағытталған. Жоспарға сәйкес аудандық ардагерлер кеңесінің 4 рет пленумы өтіп,

Жалағаш кенті ардагерлер ұйымының жұмысы жайлы, білім саласы ардагерлер ұйымының, тұрақты комиссияларының есептері тыңдалды. 18 рет жоспарлы алқа отырысы өтіп, онда ардагерлердің күнделікті тыныс-тіршілігіне, олардың ауданның қоғамдық өміріне белсене қатысуын қамтамасыз етуге байланысты мәселелер қаралса, Есет батыр, Таң ауылдары мен мәдениет, білім саласының бастауыш ұйымдары төрағаларының, 2 тұрақты комиссияның есебі тыңдалды. Жоспарлы жұмыстардан басқа кезектен тыс қажеттілікке байланысты мәселер де назардан тыс қалмады. Көнейтілген алқа мәжілісінде күнделікті өмір талабынан туындаған 2 мәселе қаралды. Бірі аудандық прокуратураның бастамасымен аудандық ардагерлер, әйелдер кеңесі мен аудандық прокуратура болып ұшжақты келісімге келіп, меморандум жасалып, отбасылық зорлық-зомбылық пен бала тәрбиесіне байланысты заңдылықтың өзгеруіне орай алқада мәселе қарап, ауыл тұрғындарына түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Бұл жұмысқа әйелдер кеңесі мен ардагерлер кеңесінің алқа мүшелері мен белсенділері қатысып, барлық ауылда тұрғындармен түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Аудандық прокуратура қажетті материалдармен қамтамасыз етті. Қортынды жылы аудан прокуратурасы қатысуымен Есет батыр ауылында өтті. Екіншісі Қазақстан республикасы бас муфтиінің тапсымасына сәйкес елікті жөнелту кезінде ысырапшылдыққа жол бермеу мәселесі бойынша аудан, ауыл мешіттерінің имамдары мен ауыл кент ақсақалдарының қатысуымен үлкен талқылау жасалып, аудан бойынша бір ізге түсіруге келісілді, — деді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Садық Әлиев бір мәселеге қыжылды, тыңдап отырсақ, екісін де орындай сияқты. Өзі айтып өткен ысырапшылдыққа қатысты бүл келісім екіншіше орай барлық жерде бірдей сақталмай отыр. Әр ауылда өртүрлі, тіпті кенттің өзі де талап дәрежесінен шықпай отыр. Сондай-ақ ол имамдардың бұл мәселеге мәнқұрайлы қарайтынына қынжылды. Тіпті олардың тарапынан жаназа өткізіп жатып, көз алдында болып жатқан жағдайға баға беріп, жамағатқа түсіндіру, талап қою мүлде болмайтын көрінеді. Құрығанда ысырапшылдыққа қатысты бірауыз еңгіме де айтпайды. Бірақ тапсырма, талап еліміздің бас муфтиі тарапынан туындап отыр. Осы ретте спикер ақсақалдар мен үлкен кісілердің көмегін пайдаланып, осы жұмысты тәртіпке келтіру бірінші кезекте имамдардың міндеті деп есептейді.

Аудандық ардагерлер кеңесінің алқасында көтерілген тағы бір мәселе — ауданда ең төменгі зейнетақы алатындардың жағдайы. Осы мәселе алқа отырысында қаралып, барлық ауыл зерттеліп, қорытындысы бойынша кездесулер ұйымдастырылған. Нәтижесінде қазіргі қалыптасқан жағдай бойынша келетеген зейнеткерге тағайындалған зейнетақының мөлшегі ең төменгі зейнетақыдан айтарлықтай төмен екені белгілі болды. Әсіресе заңға сәйкес зейнеткерлікке шыққан көпбалалы әйелдердің зейнетақылары көңіл көншітпейді. Садық Әлиев мұның басты себебін еңбек өтілін дәлелдейтін құжаттардың болмауымен байланыстырады.

— Ауылда шаруашылықтарда істеген жұмыстарын дәлелдейтін келісім-шарт немесе жұмысқа қабылданғаны туралы бұйрықтың болмауы, еңбекақы туралы келісім жасалмай, қолма-қол есептесуден болып отыр. Былыртүр бес балалы 45 әйел зейнеткерлікке шықты. Оның 16-сының еңбек өтілі 3-10 жылдың аралығында ғана. Тағайындалған зейнетақыларының көлемі 12 373 теңгемен 35 100 теңгегін аралығында. Бір қызығы, зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмыссыз ретінде қоғамдық жұмысқа тартылып, қомақты еңбекақы алып келсе, бұл «зейнеткерлікке шықты» деп жұмыссыздардың қатарынан шығарылып отыр. Бұл — тек бір жылдағы зейнеткерлікке шыққан 45 әйелдің жағдайы. Бұрын қаншашы шықты? Алда қанша әйел бес баламен ерте зейнеткерлікке шығады? Осы жағдай назарда болуы керек деп есептейміз. Қазір әйелдердің зейнеткерлікке шығу жасы 63 жасқа көтеріліп отыр, бес баламен 50 жаста

шығатындарды есепке алып, оларға 63 жасқа дейінгі негізгі зейнеткерлікке шығатын уақытқа дейін жұмыспен қамту жайын қарастырған жайы, — деді спикер.

Баяндамашы ауданда ардагерлерге дәрігерлік қызмет көрсету жайы да ардагерлер кеңесінің назарында екенін айтты. Аудандық кеңестің ардагерлерге медициналық көмек көрсету жөніндегі тұрақты комиссиясының ұсынысына сәйкес Жалағаш аудандық ауруханасы басшылығы «Ардагерлер — ардағым» атты арнайы бағдарлама дайындап, 2 653 ардагер арнайы есепке алынып, денсаулығына байланысты материалдарды жинақтап, аудандық аурухананың компьютерлік базасына енгізілген. Бүгінде олардың денсаулығына байланысты мәліметтер жинақталып, соған сәйкес оларға қызмет көрсету мәселесі шешімін тапқан. Өткен жылы аудандық емхана дәрігерлері ардагерлерге арнап ашық есік күнін өткізген. Тіпті ауылдардағы ардагерлерден анализге қан талсыруды арнайы автокөлігі арқылы барып алу жұмыстары бір ізге түскен.

Иә, ардагерлердің денсаулық жағдайына қатысты бірқатар мәселе шешімін тапқан. Бірақ бұл «осымен олардың денсаулығын жақсартуға қатысты барлық мәселе шешілді» дегенді білдірмейді. Конференцияда Садық Әлиев салаға қатысты тағы бір мәселенің шетін шығарды.

— Бұл салада да ескерілген мәселе жоқ емес. Ардагерлердің басым көпшілігі бүгінде науқастығына байланысты есепте тұратыны белгілі, олар тұрақты түрде ардагерлердің қабылдауына жүгініп отырады. Дәрігерге көріну, әсіресе анализ тапсыру кезінде көзекке түру жасы келген науқас адамдарға оңай емес. Осы мәселе тәртіпке келсе дейміз. Қаладағы емханаларда көзекке қай кезде келсе де ардагерлерге кезектегі екі адамнан кейін рет беру жөнінде бас дәрігерлер бұйрық шығарған. Бізде де осы тәжірибе жүзеге асырылса деген ұсыныс бар. Конференция алдындағы есеп беру-сайлау жиналысында медицина саласының ардагерлер ұйымының тәжірибесі болып жас зейнеткер, өз мамандығының білгірі Аманқұл Маханбетов сайланды. Ендігі жерде аудан ардагерлерінің бұл саладағы жанашыры да сол, — деді Садық Әлиев.

Спикер ардагерлер кеңесі жыл сайын мемлекеттік тапсырыс негізінде қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған жобаларға қатысып, грант жеңіп алып, оны жүзеге асыруда біршама жұмыс атқарғанын да жасырмады. Мәселен, 5 жылда аудан әкімінің қоғамдық даму бөлімінің «Ардагерлермен жұмыс» тақырыбы бойынша жарияланған әлеуметтік тапсырыс конкурсына қатысып, аудан ардагерлері арасында конкурстың техникалық ерекшеліктеріне сәйкес мәдени-көпшілік, спорттық шараларды ұйымдастырған. Тарқатып айтсақ, 5 жылда 4 рет ардагерлердің аудандық спартакиада-сы, 3 рет көркемөнерпаздар байқауы, 2 рет жеке орындаушылар байқауы, ардагерлер арасында балық аулаудан жарыстар, бес рет шахматтан, 4 рет үстел тенісінен, 1 рет суға жүзуден, 1 рет тастаятқан аудандық жарыс ұйымдастырылған. Барлық жарыстың жеңімпаздары облыстық кезеге жолдама алған.

Конференцияда мұнан кейін ұйымның пленум және алқа құрамдарын сайлау рәсімі өтті. Алқа мүшелерінің бірауыздан дауы беру қорытындысымен Садық Әлиев Жалағаш аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып сайланды. Қатысушылар төрағаның алдағы қызметіне сәттілік тілеп, ұйым жұмысының одан әрі жандана түсетініне сенім білдірді.

Жиында қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірбек Шәменов ардагерлерге ел дамуына және ауданның есіп-өркендеуіне қосқан елеулі үлесі үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ ауданда жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік, мәдени және тәрбиелік бастамаларда ардагерлер қауымының ақыл-кеңесі мен қолдауының маңызы зор екенін атап өтті. Конференция соңында бірқатар азамат «Облыстың құрметті ардагері» төсбелгісімен және облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаевтың алғыс хатымен марапатталды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

2026 жылы І тоқсанда Жалағаш ауданы әкімінің аппаратында аудан әкімінің, оның орынбасарлары мен аппарат басшысының азаматтарды және заңды тұлғаларын өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі					
№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі	
1	2	3	4	5	
1	Ибраимов Ардақ Әбдіғалиұлы	Аудан әкімі	Жұма күні сағат:16.00-18.00 аралығы	Апта сайын	
2	Байнахатов Әліби Қодарұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Бейсенбі күні сағат:16.00-18.00 аралығы	Апта сайын	
3	Сүлейменов Ғани Кенжеғараұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Дүйсенбі күні сағат:16.00-18.00 аралығы	Апта сайын	
4	Дөрманбетов Әнуарбек Шәкіратұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Сейсенбі күні сағат:16.00-18.00 аралығы	Апта сайын	
5	Дүйсеєєєє Жәсұлан Талғатұлы	Аудан әкімі аппаратының басшысы	Сөрсенбі күні сағат:16.00-18.00 аралығы	Апта сайын	

2026 жылы І тоқсанда Ақсу ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі					
№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Шілдебәев Марат Тныштықбайұлы	Ауылдық округ әкімі	Жұма сағ:15.00-ден 19.00-ге дейін	Ақсу ауылы Т.Елеусінов көшесі №16	22-0-24

«Ауыл аманаты»: 66 жоба қаржыландырылған



— Қазір елімізде кәсіпкерлік саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Бұған дәлел келтірудің қажеті шамалы, өйткені бүгінде салаға серпін беруге негізделген бағдарламалар халыққа пайыздық үстемақысы төмен несиелер беруде қарқынды жұмыс жасап отыр. Тек салаға қадам басқан адам нақты кәсіппен айналысып, қаражатты мақсатты игерсе жеткілікті. Әсіресе «Ауыл аманаты» жобасы ауылдық жерлерде кәсіпкерлік саласына дән беруде үлкен көмек болып отыр. 2023 жылы қаржылай қолдау тапқан 22 жобаның 7-еуі өңдеу саласында жұмысын бастады. Оларға 50,3 млн теңге үлестірілді. Сондай-ақ асылтұқымды мал шаруашылығында 3 жоба 38,6 млн теңгеге қаржыландырылды. Мұнан бөлек қызмет көрсету бағытында 6 жоба 43,6 млн теңге қаржылай қолдау тапты. Ал егін саласында 6 жоба 47,2 млн теңгеге қаржыландырылды. Аграрлық ауданда қазір бұл жобалар қарқынды жұмыс жасап келеді. Бір жағынан бұл ауданда жұмыссыздық мәселесін түсуге да қолғабыс болып отыр, — дейді Қайрат Жапбасбаев.

Қайрекеннің сөзіне алып-қосарымыз жоқ, расында мемлекет бүгінде «іс бастаймын» деген адамға мейлінше қолдауды күшейткен. Жоғарыда айтып өткен жобалар «Ауыл аманаты» жұмысын бастаған жылы жүзеге асты. Одан кейін де ауданда жарқын жобалар «Ауыл аманаты» аясында өз жұмысын бастап, халық оның игілігін көрді, әлеуметтік әлеуеті көтерілді.

2024 жылы Жалағашта «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 11 жоба қаржыландырылған. Нәтижесінде 13 жаңа жұмыс орны құрылды. Бұл жобалардың 4-еуі өңдеу саласының үлесінде, оларға жалпы құны 16,8 млн теңге қаржы үлестірілді. Ал мал шаруашылығы бойынша 3 жобаға 14,7 млн теңге бөлінген. Мұнан бөлек техника сатып алу үшін 1 жоба 9,8 млн теңгеге қаржыландырылса, басқа да бағыттарда жалпы құны 18,7 млн теңгеге құрайтын 3 жоба жүзеге асқан.

Былыртүр да жалағаштықтар «Ауыл аманаты» жобасының игілігін көрді. Тіпті өткен жылдарға қарағанда бұл жобаны өз мүмкіндігіне жаратуы кезеңдерден санында да өсім қалыптасты. Мәселен, былыт жылдары құны 174,5 млн теңгені құрайтын 33 жоба қаржыландырылған. Оның ішінде өңдеу бағытындағы 13 жобаға 58,9 млн теңге үлестірілген. Ал асылтұқымды мал шаруашылығы бағытында 14 жоба 79,3 млн теңге қаржылай қолдау тапты. Ара балы өндірісі бойынша 1 жоба 4 млн теңге қаржылай қолдау тапса, құс шаруашылығындағы 1 жобаға 2,5 млн теңге бағытталған. Қызмет көрсету саласына келсек, 6 жоба 35 млн теңгеге қаржыландырылған.

— Былыртүр қаржылай қолдауға ие болған 33 жобаның 12-сі Жалағаш кентінің үлесінде, жалпы құны 65,8 млн теңгені құрайды. Бағана айтқанымдай, «Ауыл аманаты» ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлікті дамытуда, жұмыссыздықты шешуде, халықтың тұрмыс саласын арттыруда үлкен көмек болып отыр. Қазір ел де кәсіп алуға өтпелі бейімделуде. Тіпті іс бастаудың, кіріс көзін арттырудың тиімділігін түсіне бастады. Бұл сөзімді бір ғана «Ауыл аманатымен» кәсіп асқан ауыл тұрғындары қуаттайды. Мәселен, былыт жылдары қаржылай қолдауға ие болған 33 жобаның 21-і ауылдық елді мекендер үлесінде. Оның ішінде кент іргесіндегі Ақсу ауылында 5 жоба 29 млн теңгеге қаржыландырылды. Шалғайдағы Жаңатапта 3 жобаға 13,5 млн теңге бағытталды. Ал мақпалкөлдтердің 5 жобасы 25,9 млн теңге қаржылай қолдау тапты. Бұқарбай батыр ауылында 2 жоба 10,7 млн теңге қаржылай қолдауға ие болса, Таңдағы 2 жобаға 7,5 млн теңге үлестірілді. Аламосекте 2 жоба 7,8 млн теңге қаржылай қолдауға ие болды. Еңбекте де 1 жоба 4,3 млн теңгеге қаржыландырылды. Ал Аққумда 3 жобаға 15,1 млн теңге бөлінді. Былыт жүзеге асқан 33 жобаның арқасында ауданда 35 жаңа жұмыс орны ашылды, — дейді бөлім басшысы.

Мұнан бөлек «Ауыл аманаты» бағдарламасының тиімділігін арттыру, несие алушылардың құжаттарын жинақтау мерзімін үнемдеу мақсатында «Amanates.kz» цифрлық платформасына ауданнан жалпы құны 173,4 млн теңгені құрайтын 26 жобаның құжаттары енгізілген. Оның 6-ауы Жалағаш кентінің үлесінде, жалпы құны 55,3 млн теңгені құрайды. Ал қалған жобалар ауылдық елді мекендер үлесінде.

Шынында, бүгінде Жалағашта шағын және орта кәсіпкерліктің көкжиегі кеңейді, санында да өсім бар. Әсіресе саладағы жобалардың өз жұмысын бастауына «Ауыл аманаты» үлкен көмек болып отыр. Бір жағынан халық та қазір кәсіп ашудың, іс бастаудың тиімділігін түсінген. Ал бұл екеуі үндескен жерде әлеуметтік жағдайдың да жақсарары анық.



Әңгіме

**Ашаң жүзді ананың
Ақмолаға ауысқан
тұңғышын әзәзіл азғырды.
Әзәзіл азғырмаса, ұлының
ұлардай шулатып несі бар?!
Мұңлық ананың болжалсыз
сапарға аттанып несі бар?!
Сапардың соңы сорлы
ананың сорасын ағызып
кетті. Бәрінің де бұлақтай
тұнып басталып, тоспадай
лайланып тоқырағаны
жанына батады.**

Тәңірім-ау, тұңғышы Күнтуғаннан күрең қабақты Мұңлық күтіп пе еді? Күткен емес. Күтпек түгілі – қуанып келіп, жұбанып қайтам демеді ме?! Ол ойы бірақ ойран болды: күліп келіп, күңіреніп шығып, түңіліп қайтып барады... Бұған өңді не дауа?! «Қызмет, қызмет» деп қақсап қалған қайран ұлы пойыздың басына шығарып салуға да жарамады ғой. Әлде шетте өскен шетендей безбүйрек болып кетті ме екен...

–Апа, біз үшін қам жеменіз. Еркекпіз ғой, тістегеннің тілінде, ұстағанның уысында кетпеспіз. «Таңғы ас – таңіріден» деген, Ақмолаға да аман-есен жеттік. Күнтуғанның үйінде де аунап-қунап жаттық. Астананың сауық көшіне де қатыстық... Осының бәріне де сіз куәгер, апа, – деп алыстан өңді асқан анасының өлпіндегі ашымал ойын кіші ұлы Қуаныш бөліп жіберді.

– Апа, бізге өңді алаңдамаңыз. Мұнда үшеуміз ғой, Күнту ағаммен тер-теуіміз. Қиналмаспыз.

– Күнтуға мен ренжіді деп екпелемдер! Ол үлкендерді ғой...

Мұңлық ана тұңғышынан көңілі қалып бара жатса да, жамандыққа қимас аналық сезімімен Қуанышқа ақыл сала сөйледі.

– Қиналсаңдар ғана барасыңдар ғой. Салмақ сала бермеден. Қызметі де ауыр екен, – деді де, ана байғұс қарадай бөйек болғанына күйінді. Әз-өзіне: «Ой, әдіре қалғыр!» деп қойды. Бұл сөзді естігенде апасын шығарып салуға келіп тұрған Қуаныш та күліп жіберді. Анасының ағынан жарылған тәмсілі бұлғара риза болғанда немесе қатты ренжігенде айтылушы еді.

– Апа-ау, ағамызды мазалай қоймаспыз. Жатар орын жатақхананы тауып алдық, «екі қолға бір жұмыс» та бар. Шаруамыз қанша, – деп шамшыл ұлы шамданып қалса да, іле апасының көңілін аулай жұып-шайды.

– Оны да түсінуге болады, апа, таң бозынан түн ортасы атуанша үйін кермейді. Бала-шағасы да Алматыда жатыр... Біз өз күнімізді өзіміз көреміз.

Қуаныштың үңі сенімді шықты. Осы кезде үріп ауызға салғандай вагон есі-гінен Айсұрға қарындасы көрінді.

– Көкек аға, апам ішке кірсе, уақыт болып қалды, – деді ол асықтыра.

Вагоннан аулағырақ тұрғандар да қоштасып, қозғалақтай бастады. Жол-серік жігіт те жұртты асықтыра түскен. Қуаныш анасын шынтағынан демеп, «Қош!» десіп қала берді.

Кешікпей «Астана» пойызы жүгі ауған нардай көренеу қозғалған.

Жаңбыр суы жерге сіңбейтін шуңқыр-шоқалағы көп, бақандай-бақандай биік үйлері жаңадан бой түзей бастаған жұпынылау шағын қаладан былай шыға бере-ақ пойыз жүрсін үдетті. Маусымның мамырпаған күнімен қызған Сарыарқаның белең-белеңі көкпенбек. Көгілдір жонның сұлу өңіне бұзатын ден сөбілмей қалған құр аңыздар. Олар көбіне темір жолдың қос қапталынан күс-күс қоңыр алақандай жазыла созылып, жеруықтың жылы көрінген көкіекеке сіңіп кетеді.

Екі кісілік күпенің терезесінен телмірген Мұңлық өткен-кеткенді оймен шолып отыр. Көңге ұлы Қуаныш пен бөлелерінің «Ендігі күні не болады?» деп те ойға қалады. Мектепті былтыр бітірген, ыңғайы келсе, Ақмоладан ағасы Күнтуғанның қолында тұрақтай қалып, жоғары оқу орнына түсем бе деп келген Айсұрға болса, үстіндегі нарда үн-түңсіз кітап оқып жатыр.

Кеше ғана Ақмола деп асыққан көңілі су сепкендей басылып, бүгін міне, қапалы сезім билеп қайтып барады. Бәріне кінегі – Күнтуған «Жо... жоқ... өзі... Өзі ме?» Мұңлық өз-өзіне сұрақ қойды. Шынымен өзі кінегі ме? Кінегі болса, қай жерден қателесті?

Қателессен тұңғышы емес пе? Тұңғышы Күнтуған шығар... Жо-оқ! Ол қателеспей-ақ оқсың! Қателессе өз-ақ қателессің. Аққан-тоқпаған ұлының қателесуі мүмкін емес! Күм ішінде жүрген көрсөкыр надан бұл-ақ қателессің!

...Сарт-сарт... сарт-сарт... Пу-у-уп!... Болат доңғалақтары сағаттай соғып, зор дауысы маядай бақырып пойыз заулап келеді. «Ай, заман-ай! Өтіп жатқан уақыт-ай!...» деп кемпір де күрсініп қойды. Күні кеше еді ғой, Күнтуған бастаған үш ұл мен Айсұрға мұның айналасын дулатып-шулатып жүргені. Енді бүгін бір-біріне суықбауыр бола бастапты. Құтты жұмыртқадан жана шыққан жылпаның балалары тектес, бастары қосылмайтындай кейіп танытады. Тұңғышының темірдей тілі қарып алды ғой мұны. Балаларының мұндай күйін көремін, мұздай тілін естімін деп ойлап па еді!... самайын ақ қырау шалғанда.

Терістіктен түстікке созылған узақ-сонар жол үстінде жұлдыз құрттай жылжыған пойыз бесіктей тербеледі. Темір қорап тербеген сайын Мұңлық та терен ойға беріле түскен. Ойда мынау қос қабат терезенің сыртында қалып қойып жатқан ұлан-ғайыр дала сияқты.

Кейде мидай жазыла алыстап, кейде бүткіспен белдей жақындап, өңді бірде Арқаның айыр еркешті жатаған тауларындай мұнартып, құлазыңқы

Оба жылғы сауық



көңліні көктей, қиялында қылаң ұрады.

... Сарт-сарт... сарт-сарт... Пу-у-уп!... Жел үйірген жүрдек пойыз желдіріп-ақ келеді. «Ай, заман-ай!... Өтіп жатқан өмір-ай!...» деп қойды кемпір. Өз-өзіне күбірлеген лебінде әлгібір мезеттегі күрсініс жоқ, тек налу бар. Өзі де бір жалғыздыққа ұйыған жайы бар. Сабырға келген сыңайлы.

Сабыр соңы – салқын ой... торыған. Мұңлық бірақ торықпаған. Бір мезгіл өткенге ой жүгіртіп, сана салды. Салқын сана Сарыарқаның сар даласындай әлдебір сарынды ойға бой алдырған.

Сылаң қаққан сәулесін қия алмас сұм дүниеге Мұңлық 1936 жылдың ақпанында келіпті. Бір жастан асар-аспаста Бақанаста ұстаздық етіп жүрген әкесі ұсталып кетіпті де, «халық жауының» отбасы ретінде көзтүрткі болған шешесі байғұс, Көкжидедегі күшік төркіндеріне қоныс аударыпты. Әкесі болса «үндеместе» хабарсыз кеткен... Жастай жесір қалған анасы соғыстың алдында ауылдың бір азаматымен қайыра түтін түтешкен екен. Бірақ тағдыры тайқы шешесі соғыс басталып, тағы жесір қалды.

Бұл шешесіне суықтау болды, өйткені нағашыларының ығында тербие көрді де, өгей әкесінен тұған сіңлісі Сәнімді өсірген анасы әкесіндей болып кеткен еді. Шешесін тіпті «Қалдығұл» деп атымен атайтын. Ал «үндеместе» үн-түңсіз кеткен өз әкесі өзімен өшім асқан емес. Шешесі де атапатады. Сол күлі атаусыз қалды... Бұл өлі күнге мақұрым... Өгей әкесі Түрғанбай туғанын көре алмай көткен кіркенсе Сәнім екеуі әке мейрім сезінген емес. Бірақ 1945-жылғы мамыр айының басындағы обала дейін бұлғара көкелерінің орнын нағашы атасы жоқтапқан ғой. Іленің бойындағы Сарыесік құмын жайлаған қойшы Тойшыбай нағашысының арқасында ауыздары мал сүмссесінен ажыраған жоқ. Қарны тойса, қайғы ойламайтын балалық шақтары.

Ол күндер де көлеңкеленіп алыста қалыпты-ау! Ескілікті күндер қанша көлеңкелі болса да, көмескі тартпайды екен. Сарттаптанған санаңа қорысқа сіңген сиядай жайылып аларын қайтерсің. Көктемде көтерілетін Іленің жайылмасындай жаңыңды жағалай жайларын айтсаңшы!

...Сарт-сарт... сарт-сарт... Пу-у-уп!... Бөлінен жараған бесті айырдай пойыз болдырар емес, ұбақ-шубақ үйірімен іріліп келеді. Кемпірдің көз алдында бағаналар бүлт етіп, бұла дала бұлың-бұлың қағады. Пойыз да қасара жортып, қағына ырғалады. Кемпірдің баяқ мұнымен ісі жоқ. Ол өз ойымен орныққан, ісініп-кеуіп қалған ұлына налып, ұрлана енген өткенге қабағы тартып келеді. Қабағы тартқан сайын жазық маңдайы қыртыстана береді. Қыртыс-қыртыс маңдай бұл шалбар-шалбар жүзіне бүгін тағы да тарам-тарам әзім жалғап келеді ғой бұл. Талайды көрген тағдырлы Мұңлық Күнтуғаннан шошынатып та келеді. Оның өзі емес, сөзінен қорқады. Мұның көңіліне тіпті қызыл іріде көлер әлдеқандай үрей көленкесі қонақтайды... Кемпірді үрей ілемейтін де жөні бар. Ес біліп, етек түргелі үрейлі көзенді бастан көшіп, үрейлі уақытта ғұмыр кешті. Үрей – иелі үрейге айналғалы қашан... Қора-қолсыны кеулеп алған көртышқандай, бұл үрей-ден қашып құтыла алмайсың.

Мұңлықтың көз алдына аз уақыт-та сөзі де, мінезі де, көсіріп-келбеті де өзгерген ұлы келе береді. Піскен қазыдай жылтыраған жүзінде сабырлықтан гөрі саз беттік басым: қабармастан жатып алған күлшедей бүлк етпейтінін қайтерсің. Тіпті өзінен туды дегенге сенбейді... Әлде ауылда мән-шіктің аша тұяқтысын бағып қалған әкесі Қолан мақтана айта беретін жоңғар шатыс аталарының қанына бұрып кетті ме екен... О да мұмкін-ау!

«Ұл туғанға күн туған» деп есімін қосқан Қолан әкесі де, аман-есен босанғанына қуанған Мұңлық шешесі де Күнтуғанды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіріп, ауылдан Алматыға жіберіп оқытқанда көре-міз деген құқайы осы ма еді... Өйтпесе: – Шуларын сүйретіп бәрін өртіп келгенің не? – деп есіктен кірер-кірместе дүрсе қоя берген ұлына не жорық, О, әдірмек қалғыр!

...Сарт-сарт... сарт-сарт... Пу-у-уп!...

Атадай ақырған пойыз Арқаның жонын таспадай тілген тілше үстінде тапырақтап емес, суда жүзген кемедей толқып қана келеді.

«Ай, заман-ай! Өтіп жатқан өнезді өмір-ай!...» деп қойды Мұңлық,

Жоғарыда жатқан сүт кенжесі Айсұрға да сыр берер емес, анасы мұңая бермесін дей ме, сыр тартып әңгіме құрғысы жоқ. Үн-түңсіз кітапқа үңіліп жатыр.

Жарым-жалғыз ой талмаған Мұңлықтың арғы-жағы нілдей бұзылып-ақ отыр. Екінде де бар: өрімдей қып оларды ертіп алып несі бар... Бұлай боғынан бұзыларын ұлының қайдан білсін. Баяғы Күнтуым деп ойлады ғой. Күнтуым деп алданды ғой. Күнтуған болса күңіреніп шыға келді.

Жиырма бес қабат зәулімнің жетінші қабатынан тиген үш бөлмелі үйді жасантып-ақ тастапты. Кіріп келгенде Күнтудың күдір сөзінен өскеніп қалса да, «дүние – көздің құрты» емес пе, ана бейшараның іші жұлып қалған.

– Құлыным, – деген ұлына өмірлене ұмтылып, – бәрі де өзінің қаның – бауырларың... Өзің аман-есенсің бе, жарығым! – деп жалпылдай маңдайы-нан сүйген.

Ұлы бірақ рай бермеді білемін, кенже інісі Қуанышпен құшақ айқастырмай салқын амандасты. Сәнім апасынан туған үйелмелі-сүйемелі бөлелерін көзге де ілген жоқ. Айсұрғадай жалғыз қарындасын ғана бауырына тартып, «Тентек» деп кішкене күніндегідей танауынан сарсағының арқасымен сығып қойған.

Жуынып-шайынатын дәуест сындыратын сыңар бөлмелері екіден ат шаптырым үйді жалғыз өз жайлаған ұлы жайбарақат көрінген. Күн демалыс еді... Еділбай қойының кептірілген етін арқапап, балапан қаздай бауырына төрт бірдей азамат болған балаларын ертіп, артынып-тартынып жеткен анасын жақтырмай қарсы алса да, ұлы доңайбатпен ішін бермеді ғой. Көтер-кеткенше үндемей қойды.

Ағамыз бар деп Ақмолаға арқаалып келген Қуаныш бастаған екі ұл мен Айсұрға, тіпті Мұңлықтың өзін бір ай бойы аяғының ұшынан жүрді. Абайы болғанда «Астана» шаһарының ашылу рәсіміне деп келген ұлдар қара жұмысқа қойып кетті де, Айсұрға мен Мұңлық бұған да шүкір десіп, кері қайтты ғой.

Аңызғақты Арқаның төсіндегі шытынаған мұздай шыны-шыны ғимаратты, өлмез-жөлем жасанған қаланы қимаған Айсұрға ғана. Ана болса, Қуаныш бастаған екі ұлды қимастан еді, бірақ Күнтуғанға көңілі суып барады... Күнтудан басқа ұлдар мен Айсұрғаның ойында тұқ жоқ секілді, «Астана» шаһарының шашу шащқан тоына мәз-мәйрам. Жұмыс табылып, сауық-сайраммен думдандатқан аз күнге көңілдері қош... Балалары бір сөткеге созылған сол бір сауықшыл қаланы қырғысы жоқ.

Ол сауыққа көрі кеуде бұл да күе: тойынғанның тоы болып, шөрлі көңілді шерменде кемпір көзіне жас алған. Арқа-жарқа адамдарға таңғалап, аста-төк астан шошынған... Түтіні теріс шауқыған алқалы ауылды, күміс уықтары қаламынан ажыраған қара шауырақты ойлаған...

Күнтуғанды анасы жолға шығар сөтте, тап бүгін түнін түртті ғой. Терісіне сыймай тырсылдап жүрген «жаман нөме» тап көтерде жарылды емес пе... Тығыны атылған шампаннның бетелескіндей зар-запыранын ақтарып салды. Алды-артына қарамады. Әлдебір әзәзіл қаратпады.

Әзәзіл сөз ақтарылды-ай кеп-кеп: – Шеше, өзінді ғана шақырдым ғой, Астананы көрсің, тойды тамашаласың деп... Қашан да шулғау-шулығыңды сүйретіп жүргенің. Сонау Іленің бойы-нан сүйегінді сүйретіп өзің келсең де жететін едің ғой, менің бір басым. Бү жерде бас асып жатқан өшім жоқ... Жұмыс-жұмыс дейді мына ұлдарың, мен оны қайдан тауып беремін... Оқу дейсің септендерге Сырғаға, оқу жоқ мұнда, жөнін тапсын... Астана алтын құдық емес.

– Қысқарт! Жетер-жеткі! Балалардың жүрегі ұшып кетті. Сен тауып бермей-ақ қой. Қараспай-ақ та қой. Қарасып жатқаның белгілі!... Елміз ғой, өл бар ғой, өздері бір жөнін табаар. Қайда барасың зіркілдеп! Бәрі сенің балаң емес қой.Бұларға доқ көрсеткенше ана Алматыда қалған қатыныңды алдыр, баланды тірі жетім қыям.

Мұңлық сөйлегенде Күнтуған басылып қалды. Десе де: – Жоқ апа, өзім білем. Жөн үйреткенді қойыңдаршы, араласпаңдар! Бәрібір тыңдамаймын! – деп байбаламақ басты.

– Танытпсың! – деді Мұңлық түсіне түгі тегіп.

– Тегің жаман ғой... жоңғар шатыс,

тексіз! Біле білсең, ана ауылдағы үлкен інің Сағыныш пен мына інің Қуанышты қойға салып, сенің бес жылдық оқуының бодауына бердік. Елді ойлайды, елге пайдасы тиеді дедік қой... Сондағы сыйқың осы болса, барыңнан жоғын... шіріген жұмыртқа.

– Шіріген жұмыртқа екенім рас...

Сендер мені Алматыда-ақ шіріген жұмыртқа қатарына қойғансыңдар. Сондықтан мен шіріктің, сасықпын... Елді ойламас есірік те мән... Менен аулақ жүріңдер. Аулақ!

– Аулақ болса аулақ... Ағайын-туғаның ғана емес, ел-жұртың да күні ертең сенен іргесін аулақ салады. Жалғыз қаласың әлі... Жалғыз. О, сорлы, бейшара!...

Мұңлық «сорлы, ұлым!» деген сөзді айта алмады. Қуаныш пен бөлелері дүрлігіскен бұлар Күнтуғанның үйінен қайыр-қош айтыспай шығысқан. Енді міне, қамыққан Мұңлық жол үстінде ұрлана ой тербеп келеді.

...Сарт-сарт... сарт-сарт... Пу-у-уп!...

Әлдебір шуғыл бұрылыста пойыз соңы кесірткенің үзіліп қалған құйрығындай бұлған етіп, бұлдырқтай ұшып келеді. «Ай, заман-ай! Өткінші жаңбырдай өлшемді өмір-ай!» деп күбір ете қалды Мұңлық. Мұң уялаған бір кездегі мойылдай көздері ғана әлі де қуатын жоймаған. «Мұңлық» деп сол мұның жанары үшін қойылаты ғой «үндеместік» әкесі, анасы көзін сығып еске алушы еді... Опасыз жатқан оралмады. Үн қата алар сол азаматтар «үндеместен» оралғанда өмір басқаша болар ма еді, бәлкім...

Отыз жетіді ұшты-қуялі жоғалған өкенің ғайыптан тірі қалған жалғыз ұрпағы ғой, бұл Мұңлық... Ғайыптан аман қалғаны да ақиқат, Жеңіс жылғы іле бойында аяқ астынан шыққан обадан жалғыз қалған жан емес пе. Күнтуғаннан бүгінгідей сөз естігенше, 45-жылы обادا өліп, өртеніп кеткені жақсы еді... Сұраусыз еді ғой. Сұраусыз жан – құнсыз төң. Өртеніп-ақ кеткені абзал еді-ау!

Сол 45-жылғы оба Сарыесік құмының қыр бетіне қоныс аударып, ыраң көкте мал төлдетіп отырған төрт бірдей шаңырақты отап кетті ғой. Тоғыз жасар Мұңлықтың бәрі көз алдында өтті.

Ауылнайдың «Оба!» деген бір ауыз суық сөзімен алды-артына қаратпаған мал мен жан түп-түгел отпа оранды. Ажалсыз бұл ғана екен, ғайыптан тірі қалды... Көрер жарығы бар да. Ауылнай келген күні ауылдағылар жылпан шақты ма деп, екі-үш күннен бері сүт ішікіп, күйдірілген киіз басып, ыстық теріге орап, өздеріңше ем-дом жасап жатқан шеткі үйдегі қойшының әйелі ісіп-кеуіп қайтыс болды. Ауылнай Ақсақ Ақан «обалап» ауылға қарай аттан борбайлап тұра шапқан.

Ертесінде тұс ауа-ақ ақ халат киген, аузы-мұрындарын танып алған дөрігерлер мен мылтықтары шошайған, олардың да тұмсықтары ақ дөкемен тұмылдырықтаулы, түімелері мен оқалары жарқыраған, сәп-сары ала киінген әскери адамдар екі жүк машинасымен салдыр-күлдір сау ете түскен. Келген бойда ауылдағы адамға, түздегі малға, өрістегі қойшыға, көгендегі қозыға қасқырдай тиген. Мал үрікті, адам үрейленді.

Сейтсе бұл көк соққандардың құлағына «оба!» деген суық хабар тиісімен сонау Алматыдан қан құрғатпай жетіпті ғой. Қызыл іріп кіргенше құм қырында ойкаңды салды дейсің... Төрт шаңырақ астындағыларды орысша шүдірлерген әлгілер күштеп еге бастады.

Бала біткен шырылға басты. Әлдебір жамандықты сезгендей мал қорыған иттер үріп, ішін тарта ұлыды. Сол-ақ екен, ит атаулыны әскерилер қорғасынмен жайратып салды.

Ақ пен қызылдың қызыл майданын көрген ақтабан аштыққа, үрейлі «үнде-мексе» куәгер нағашы атасы Тойшыбай тағы бір сұмдықты сезіп, «халық жауы-нан» қалған жалғыз тұяқ мұны: «Айна-ала-а-йын! Зерегім менін...» деп өмірөніп, бырс-бырс жылай бастаған кемпіріне «Тяй! Жамандық шақырма» деп зекіп тастап, «Пушығың!» деді еркелете, – ошақтың астында жата тұр. Мыналардың сыңайы жаман, сүрі сусты. Олар үйге кірсе, дымыңды сездірмей жата бер, – деген.

«Сіздер қайтесіздер, апа!» деп бұл атасына бата алмай, апасына қарата сұраған. «Біз осында, қасында боламыз» деді атасы тағы да.

Күн жылыңғалы киіз үйдің ішіне от жақпай, қоламтасы суыған

ортадағы жерошаққа мұны көміп тастады. Кешікпей орысша дөңгірей сөйлегендер кіріп, атасы мен апасын егіп кетті. Кеш те түсіп қалған еді. Сыртта да сапырылысқан жүріс көбейіп, абыр-сабыр күшейіп, кеш қарая у-шу молайған.

Жерошақта қырындап жатқан Мұңлықтың апасы құса бастады да, атасы да лоқсыды. Мұндайды көріп жатып шыдай алмаған бұл тұрып кеткен. Атасы зекісе де жата қоймаған. Қиын сөтте қиюын табатын сұңғыла нағашысы төр жақта кереге басында ілүлі тұрған сырты сырма, іші сөңсең ішікті алып, иығына жапты да, қолтығына қуыршақтай Мұңлықты жасыра тысқа беттеді. Ішік ішіндегі жиен немересіне «дымыңды шығарма» деп ескертіп қойды. Желбегей жамылып жер сызған ішіктің ашық өңірілі жапсарынан бұл бәрін сезіп, көріп келеді.

Киіз үйді қарауылдып тұрған жауынгермен атасы анадайдан әлдене десті. Бәлкім, атасы дүзге отырам деп шоқ болып өскен сексеуіл жақты көрсетті. Қою іңір ілініп, қара түн бел алайын депті. Мылтықты жауынгер «оба» дегеннен үркіп тұрса да, секем алып сондарынан еріп көле жатқанын нәлі табанды етік сықырынаң, сыбды-рынан білінбеді.

Мұңлықты ішік ішінде иығынан жалпақ алақаымен қаусырған ата-сы бір топ өскен шоқ сексеуілге жете тоқтап, күбір ете қалды «Айна-лайыным, мен тізерлей отырғанымда еңбектей жөнел Сол бойы бұрылма!» деп, «Иә, Алла, жар бола гөр! Хм-хм!...» дей дауыс шығара сөйлеп, жөтірініп жүрелей берді.

– Қорықпа! Ауыл осы бағытта...

Еңбектеп бара жатқан Мұңлық атасының соңғы сыбырын да естіп қалды. Шоқтана өскен тырбық сексеуіл мұны үнсіз бауырына басты.

Бұл да қоянның көжегіндей бұға қалды... Есі кіріп қалған Мұңлық бірақ апасықа ұзай алмады. Атасы мен апасың, қырдағы ауылды қимады. Қараңғы қапас түннен де қорықты. Не де болса таңды күтуге бекінді. Сол жолы таңды күтпегені абзал еді... Түннен қорқып таңнан тілеу тілегенін тәрік алқамады білем, қызыл ірден бас алған қызыл тілді сұмдыққа куәгер болды. Сол сұмдықтың, сол заманның бұл – жалғыз тірі куәгері...

Соғыс кезінде сұйла-сұйыла мыңнан аса болып қалған манырақ қойды төртке бөліп, төрт шаңырақ бағып отыр еді. Осы мыңнан астам басты бір жерге иіріп, бәріне де дәрі егіп әсіретіп, үйді-үйдің де жан басына иіне салып, өлімші етіп тастаған улаушы өрі «құтқарушылар» іірмен келген ібілістің өзгеше іске кіріскен. Бір қора мылтықты әскерилермен қоршап тұрған олар мал-жан атауылдан шашау шығармастан бензин шашып, от қойған. Ілезде қарауытқан түн алауытқан лаңға уласты...

Алдымен от шалған есіктері сыртынан бекітілген киіз үйлер болды. Ат арқан жердегі қызыл жиде мен торы тораңғылдыз тікенігіне арқасын сыдыртып, көзінен жасы сорғалап жатқан Мұңлықтың құлағына қиналған, ыңырсыған, шыққаннан адамдардың дауысы еміс-еміс естіліп, жүрегі жаншыла егіліп, ауыр көріністен сүзбедей езілді. Өзімен түске дейін ғана асыр салған анау алаулай, лаулай жанып жатқан үйлердің балаларын ойлағанда алқынған жүрегі аузына тығылып, бырысып-тырысып, күйіп-жанып жатқан пенделер көз алдына келіп, тұла бойы оқ тиген қырғауылдай дірілдеп тоғыз жасар Мұңлық томардай бүрісті. Күл-көмеш жүзі лапылдай жанып, тілі таңдайына жабысты.

Бұл көрген азап-тозағың аз дегендей, теңкііп жатқан қалың қой мен бұазу-торпақ, жылқы-сыырдың үстіне кү сөңке жиде мен мол сексеуіл тастап, бензин шаша шырып шақты. Жан тапсырып үлгермеген адамдардың қиналысты дауысына мал теркіннің ышқынысы қосылып, ию-кию үннен Мұңлықтың құлағы тұнды. Мал мен иелерінің қараңғы түнде, қызыл оттың ішінде шырқыраған шырылынан бұл есінен танып қалған.

Жұмақтың теріндең отырып, тозақтың есігінен қарағандай күй көшкен еді... Қолқаны қапқан қолқанас иіс пен танауды жарған күлмісі астын тұншыға, жүрегі айнап оянып кеткен бұл та

Жасанды интеллект: адамзат қайда бет алды?

Бүгінгі қоғамды жасанды интеллектсіз елестету қиын. Ол өндірісте, медицинада, бизнесе, білім мен ақпарат кеңістігі секілді барлық салаға дендеп енді. Біз ақпаратты басқарып жүрміз бе, яки ақпарат бізді бағыттап отыр ма? Бір кездері қиялға ғана сыйған «ойлайтын машина» енді күнделікті өмірдің ажырамас бөлшегіне айналды. Бұл технология қоғамды алға жетелей ме, әлде адамды өз туындысының көлеңкесінде қалдыра ма? Осы сауалдарға бүгін берілген жауап ертеңгі өркениеттің бағытын айқындайды.

Жасанды интеллекттің таралу қарқыны бүгінгі әлемнің тынысын айқындап отыр. Күннің шығуы мен батуы секілді бұл технология да өмірге елеусіз еніп, аз ғана уақыт ішінде жаһандық құбылысқа айналды. Соңғы жылдардағы халықаралық деректерге сүйенсек, 2025 жылы әлемдегі ұйымдардың 78 пайызы жасанды интеллект құралдарын кем дегенде бір функцияда тұрақты қолдана бастаған, яғни әр төрт ұйымның үшеуі жасанды интеллектті тәжірибе деңгейінен шығарып, нақты жұмыс процесіне енгізіп үлгерді.

Бұл үрдіс тек компаниялармен шектеліп қалды ма? Жоқ, жасанды интеллект жеке адамдардың да күнделікті өміріне батыл қадаммен енді. Қазіргі таңда әр алты адамның бірі, шамамен 16 пайызы жасанды интеллектті күн сайын қолданады.

ЖИ деген не, құбылыс қайдан шықты?

«Адамды адам еткен – еңбек, адамды кемеліне жеткізген – ақыл» дейді қазақтың көне тәмсілі. Бүгінгі әлемдегі сол ақылды темірге үйретіп отыр. «Ойлай алмайды» деген машина енді ой қорытады. «Сезбейді» деген жүйе енді талдайды. Жасанды интеллект – адамның ойлау жүйесін, талдау қабілетін, үйрену дағдысын компьютер арқылы модельдеу нәтижесі. Ол шаршамайды, жаңылмайды, адам емес. Абай айтқандай, ақыл қайрат, жүректі бірдей ұста. Ал жасанды интеллектке жүрек жоқ, ол тек дерекке сүйенеді.


Жасанды интеллекттің ғылыми негізі ХХ-ғасырдың 50-жылдары Америка Құрама Штаттары жерінде қаланды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғылым мен технология қарқынды дамыды. Сол кезеңде америкалық ғалымдар есептейтін машинаны ғана емес, ой қорыта алатын жүйені жасауды мақсат етті. 1956 жылы АҚШ-та өткен ғылыми басқосуда алғаш рет «artificial intelligence» ұғымы ғылыми айналысқа енді. Ол кезде бұл идея қиялға жақын еді. Алайда дерек көбейіп, есептеу қуаты артқан сайын, кеше ғана фантастика болған дүние бүгін күнделікті өмірдің бір бөлшегіне айналды. Алғашында бұл тек зертханалық тәжірибе еді. Бірақ уақыт өте келе бұл бағыт Еуропаға, кейін Жапония мен Азия елдеріне тарайды.

«Білімді ел болашағын өзі жасайды» деген Мұхтар Әуезов. Ал бүгін жасанды интеллект сол болашақты қалыптастыратын құралдың біріне айналып отыр. Алайда ең үлкен қауіп – адамның ойлау қабілетін әлсірету. Егер берін машинаға жүктесек, ертең өзіміз не істемекпіз? Осындайда «Ойсыз адам – тул» деген Ғабит Мүсіреповтің сөзі еріксіз ойға шомылдырып қояды.

Алайда жасанды интеллекттің ең үлкен пайдасы қай салада айқын сезілгені? Қазіргі таңда әлемде жасанды интеллект реттген, КТ, МРТ секілді күрделі медициналық бейнелерді үнсіз-ақ сөйлетіп, ауруды ерте анықтауға көмектесіп отыр. Экрандағы көмексі дақтың артында тұрған қауіпті ол адам көзінен бұран байқайды. Бұл – уақытпен жарысқан медицина үшін баға жетпес артықшылық. Жасанды интеллект дәрігерді алмастырмайды, қайта оның сенімді серігіне айналады. Қағазға көмілген уақытты босатып, деректерді тереумен кететін күшті үндемеп, дәрігердің ең басты миссиясы, яғни адамға жанашыр болуға жол ашады. Әсіресе ЖИ-дің шалғай ауылдағы медицинаға берер үміті зор. Қаладан алыс жатқан шағын емханада отырған дәрігер кейде жалғыз қалады, күрделі диагноз, шектеулі ресурс, уақыттың тығыздығы тағы бар. Осындай сәтте ЖИ – сенімді тірек. Ол дәрігерге дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Ауыл мен қала арасындағы медициналық теңсіздікті азайтуға бағытталған қадам, бөлікі.

Шетел бұл мүмкіндікті қалай пайдаланып отыр?

Өткен жылғы деректерге сәйкес, жасанды интеллектің ең белсенді қолданытын елдердің қатарында Біріккен Араб Әмірлігі, Сингапур, Норвегия, Ирландия, Франция, Испания және Жаңа Зеландия бар. Бұл мемлекеттерде жасанды интеллект қосымша құрал ретінде ғана емес, экономика және қоғамдық қызмет жүйесінің ажырамас тетігіне айналған. Жаһандық статистикаға сәйкес, компаниялардың 72 пайызы жасанды интеллектіні бірнеше



Бір ізге түскен жобалар бар

бағытта қатар қолданады. Маркетингтен бастап тұтынушылармен жұмыс, логистика, қауіпсіздік пен деректерді талдауға дейін тиімді тетікке айналғанын мойындамасқа болмайды.

Өткен жылы 244 млрд долларды құраған жаһандық ЖИ нарығы быыл 312 млрд долларға дейін ұлғаяды деген болжам бар. Бұл – жылына 27-28 пайыздық өсім, яғни технологиялық нарықтар ішіндегі ең қарқынды дамып жатқан сегменттің бірі.

Экономистердің есебі тіпті ауқымды. 2030 жылға қарай ЖИ әлемдік экономикаға 15,7 триллион доллардан астам қосымша табыс әкелуі мүмкін. Көріп отқандай, жасанды интеллекттің күнделікті өмірге енуі де көз іспесес жылдамдықпен жүріп жатыр. Қаржы, денсаулық сақтау, білім беру, өндіріс секілді салаларда жасанды интеллект аналитиканы жеңілдетіп, шешім қабылдауды автоматтандыруға көші. Сарапшылардың болжауынша, 2025 жылы деректерге сүйенсек, жасанды интеллект әлемде біркелкі таралмаған. Дамыған елдерде қолданылу деңгейі орта есеппен 24,7 пайызды құраса, дамушы мемлекеттерде бұл көрсеткіш 14,1 пайыз шамасында ғана. Бүгінде әлем бойынша жасанды интеллектті пайдаланушылар саны 1 млрд-дан асты. Дегенмен бұл толық бөрің бірдей шайлып өтті деу қиын. Microsoft сарапшыларының бағалауынша, жер шары халқының шамамен жартысы жасанды интеллект құрылғыларын қолдануға қажетті инфрақұрылымға әлі толық қол жеткізе алмай отыр.

Қазақстанның қарқыны қалай?

Бүгінде жасанды интеллект бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіп пен дағдыны қайта құрып, күнделікті тіршіліктің тамырына терең бойлап үлгерді. Осы тұста Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқан ой – уақыт талабынан туған батыл ұстаным. Президентінің «Біз бұл үрдіске дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек, әйтпесе артта қалудың салдары ауыр болады» деген сөзі – ескерту ғана емес, елге бағытталған нақты бағдар. Сондықтан Қазақстанның алдағы үш жыл ішінде жаппай цифрлық елге айналуы стратегиялық мақсат ретінде белгіленді. Мемлекет басшысы атап өткендей, жаппай цифрландыру мен жасанды интеллектіңің өнгуі – құр техникалық жанажық емес, халықтың тұрмыс саласын арттыратын, елдің әлеуетін еселейтін құрал. «Digital Kazakhstan» атты біртұтас тұжырымдамалық құжаттың әзірленуі де осы ұлы мұраттың нақты жоспары іспетті.

Бытылтыр өткен «Digital Qazaqstan» халықаралық форумы Қазақстан үшін кезекті технологиялық алаң ғана емес, елдің болашақ траекториясын айқындаған саяси-экономикалық меже іспетті. Форум аясында Астанада «Alem.ai» халықаралық жасанды интеллект орталығының ашылуы – осы бағыттағы символдық емес, институционалдық қадам. Президент Қазақстанның ЖИ саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа ашық екенін, сондай-ақ екінші суперкомпьютер кластерін іске қосу жоспарланып отқанын мәлімдеді. Сарапшылардың пікірінше, жоғары өнімді есептеу қуатынсыз деректерге негізделген экономика құру мүмкін емес. Демек бұл бастама Қазақстанның ЖИ саласында тек қолданушы ғана емес, өндіруші болуға ұмтылып отырғанын көрсетеді.

Форум барысында жарияланған тағы бір маңызды жаңалық – Астанада ЖИ зертханасының ашылуы. Бұл туралы Павел Дуров ресми түрде мәлімдеді. Бұл жобаны Қазақстандағы ЖИ министрлігі іске қосады. Сонымен қатар соңғы бірнеше айда Telegram командасы блокчейн мен жасанды интеллектті біріктіретін жаңа технологиямен жұмыс істеп жатқаны айтылды. Бұл технология бір млрд-дан астам адамға жасанды интеллект функцияларын қолдануға мүмкіндік береді.

Көрсеткіштерге үнілсек, Қазақстан 147 елдің ішінде 71-орыннан көрініп, жасанды интеллектіні қолдану деңгейі 12,7 пайызды құраған. Бұл – әлі көш басы емес, бірақ көш соңында да емес, ортадан ойып тұрып орын алған межелі белес. Посткеңестік кеңістікте бізден озық тұрған елдер де бар. Литва 41-орынмен (21 пайыз), Грузия (17,3 пайыз) 53-орынмен, Молдова 58-орынмен (16,6 пайыз), Әзірбайжан 64-орынмен (14,2 пайыз) алға шыққан.

Әлемде бұл салаға триллион долларлық инвестиция құйылып, оның экономикаға қосар үлесі алдағы онжылдықта бірнеше триллион долларға жетуі мүмкін екені айтылып жүр. Қазақстан да бұл бәйгедең шет қалып отқан жоқ. Ал ұлттық орталығы, жаңа зерттеу университеттері, барлығы – елдің цифрлық болашағын айтып, қолдайтын нақты қадам. Әңгірлерде де бұл үдеріс едәуір қарқын алған. Мәселен, Ақтөбе облысында бекітілген Цифрлық трансформация картасы – «ақылдық қала» тұжырымдамасын жүзеге асырудың жол картасы деуге болады. Ең бастысы, жасанды интеллект білім саласына да тың серпін беріп отыр. Дамыған елдердегідей, бізде де ЖИ жеке пән емес, ұстаздың сенімді көмекшісіне айналуы тиіс.

Жер қойнауы – үнсіз тарих. Цифр мен зерде түйіскен тұста жер қойнауы да сөйлей бастады. Қазақстан бүгінде геологиялық ақпаратты цифрландыру және оны ЖИ технологиялары арқылы тиімді пайдалануға бағытталған ауқымды жобаны жүзеге асыруда. Жобаның басты мақсаты анық: 1950-1990 жылдар аралығында Қазақстан аумағындағы геологиялық қорларда жинақталған 5 миллион бірлік тарихи ақпаратты машина оқи алатын форматқа көшіру. Осы кезеңде қалыптасқан деректер елдің пайдалы қазбалар қоры, геологиялық құрылымы мен барлау нәтижелері жөніндегі бірегей мәліметтерді қамтиды. Сұрақ біреу. Осынша күннен дерек бүгінгі технологиялық дәуірдің талабына сай игеріліп отыр ма? Жауап – иә. Бірақ бұл жол оңай емес. Қазіргі таңда бастапқы геологиялық ақпараттың 97,5 пайызы цифрландырылған. Бұл – шамамен 4,7 миллион деректер нысаны. Оның ішінде 4 289 571 парақ қағаз құжат, 250 мың графикалық қосымша, 96020 магниттік таспа, 62 245 карттарды бар. Бұл сандар нені аңғартады? Әрине, ауқымды еңбекті. Ал осы деректерді жасанды интеллект арқылы өңдеу не береді? Бұл – тек орталықтандырылған қолжетімділік ғана емес, жер қойнауын пайдалану саласында ғылыми негізделген, инвестициялық тұрғыдан тиімді шешімдер қабылдауға жол ашатын жаңа басқару мәдениеті. Жобаны іске асыру негізінде мәтіндік, кестелік және графикалық деректердің барлығы машина оқи алатын форматқа көшіріледі. Толық функционалды геоақпараттық жүйе негізінде құрылымдалған деректер базасы қалыптасқан. Кестіктік деректерді сүзгілеу мен талдау мүмкіндігі кеңейеді. Бұл геология саласын цифрлық экожүйеге көшірудің нақты белгілері емес пе? Ең бастысы, бұл үдерістің уақыт межесі де айқын. Қазақстанның барлық геологиялық ақпаратты толық жүйелеу процесін 2026 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Сонда бұл жоба нені білдіреді? Бұл цифр тек есеп үшін емес, зерде үшін қызмет ете бастағанынан хабар береді.

Жасанды интеллект және мамандықтар: жойылу ма, жаңғыру ма?

Жасанды интеллект адам еңбегін тартып ала ма, әлде оны жаңа деңгейге көтере ме? Бүгінгі еңбек нарығындағы ең өзекті сұрақ осы. Қазақстан да бұл сауалға сырттан қарап отқан жоқ. Алдағы бес жылда жасанды интеллектің күнделікті өмірде қолдану бағытында 1 миллион қазақстандықты оқыту жоспары елдің бұл өзгеріске дайындықты бүгіннен бастағанын аңғартады. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі

министрлігі түсіндіргендей, бұл міндет «Жасанды интеллекттің дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған» тұжырымдамасы аясында іске асырылмақ. Құжатта ЖИ-дің еліміздің еңбек нарығына айтарлықтай әсер ететіні ашық айтылған. Әсіресе күнделікті, қайталанатын жұмыстарды автоматтандыру арқылы бірқатар дәстүрлі мамандыққа сұраныс төмендеуі мүмкін. Алайда бұл өзгерісті тек қауіп ретінде қабылдау мәселені біржақты бағалау болар еді. Өйткені жасанды интеллект бір есікті жапса, екінші есікті ашақара ашады. Деректерді талдау, бағдарламалық қамтамасыз ету, киберқауіпсіздік, жасанды интеллект жүйелерін басқару секілді салаларда жаңа мамандықтар мен жұмыс орындары пайда болмақ, яғни еңбек нарығы жойылмайды, қайта құрылып, жаңарады. Осы өзгеріске дайындық білім беру жүйесінен басталмақ.

Ұлттық тұжырымдамада орта білім беру бағдарламасына «Жасанды интеллект негіздері» модулін енгізу, жоғары және жоғары оқу орынын кейінгі білім беру ұйымдарында ЖИ бағытындағы бағдарламаларды іске қосу, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілерге арнайы курстар әзірлеу қарастырылған. Кадр даярлау ісінде де нақты жобалар бар. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес іске қосылған бағдарлама IT және жасанды интеллект саласындағы адами капиталды дамытуға бағытталған. Соңғы үш жылда осы жоба аясында 82 мыңнан астам IT маман даярланды, оның 16 мыңнан астамы жеке IT мектептерінде білім алды. Жасанды интеллект саласындағы жаңа буын мамандарын даярлау мақсатында 2024 жылдың қыркүйегінде мектеп ашылды. Өзара оқуы мен практикаға негізделген 18 айлық бағдарлама аясында қазіргі таңда 5 мыңға жуық адам оқуға өтініш берген.

Мектеп жасындағы балалар ше? Алдағы уақытта ЖИ мен бағдарламалауға қызығушылық танытқан оқушылар үшін де ойын тәсіліне негізделген мектеп ашу жоспарланды. Бұл бағдарлама аясында жыл сайын мың оқушыны оқыту көзделген. Бүгінде ТУМО мектептері Франция, Германия, Португалия, Швейцария, Армения және өзге де мемлекеттерде табысты жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар жасанды интеллект негіздері бойынша онлайн курс та қолжетімді. Қазақ және орыс тілдерінде Skillbox платформасы да, Astana Hub қосымшасы да пайдаланушылар үшін терің.

Еңбек нарығын трансформациялау тек біліммен шектелмейді, оны құқықтық реттеу де маңызды. Осы орайда Парламент Мемлісінің қаруына «Жасанды интеллект туралы» заң жобасы енгізілді. Заң жобасында ЖИ жүйелерін жіктеу, деербақ контентін таңбалау секілді маңызды нормалар қамтылған. Жалпы бағалау бойынша Қазақстанда генеративті жасанды интеллект арқылы жұмыс талаптарының 13 пайызы орындалуы мүмкін. Дегенмен министрлік атап өткендей, еңбек нарығындағы өзгеріс жаппай жұмыссыздыққа әкелмейді. Көптеген салада автоматтандыру ішінара сипаттарда болады. Демек, жасанды интеллект адамды алмастырмайды, оның еңбегін толықтырады.

Адам баласы жаратылғалы бері жадына сенім келеді. Көргенің көмейіне түйіп, естігенін ой елегінен өткізіп, ұмытпаса үшін қайта-қайта қайталайды. Алайда адам жадын уақыт мүмжиді. Кеше анық болған дерек бүгін көз мәсікленеді, бүгін маңызды көрінген ой ертең ұмыт қалады. Ал жасанды интеллект үшін уақыт деген ұғым мүлде басқа. Тағы бір айқын айырмашылық – сандық ақпаратты жылдам өңдеу қабілеті. Адам күрделі деректерді талдау үшін уақытқа, тәжірибеге, кейде ішкі түйсікке сүйенеді. Ал ЖИ секундтаң ішінде миллиондаған деректі саралап, нақты нәтиже ұсына алады. Ол есепте қателеспейді, ұсақ деталды көзден таса қылмайды.

Қорыта айтсақ, жасанды интеллект – бүгінгің ғана емес, болашақтың да айнасы. Оны игере алған ел болашақты игереді. Ал бұл жолда Қазақстанның таңдаған бағыты айқын.

Гүлжан ЕСЖАН

Маман мерейі

Жасанды интеллект – уақыттың тынысын аңғарған өркениеттің жаңа қадамы. Заман қарқыны желдей еседі, біз сол желге ілесіп әлекпіз. Бір қарағанда, бәрі ыңғайлы, бәрі оңай. Алайда «кез келген игіліктің екі ұшы бар» деген тәмсіл дәл осы тұста ойға оралады. Кеше ғана бор мен тақтаға сүйеніп, шәкіртінің жанарына қарап сабақ берген ұстаз бүгін цифрлы платформалардың тілін меңгеруге мәжбүр. Әсіресе жасы бар, енді ғана зейнеттің шетіне іліне бастаған мұғалімдер үшін бұл жеңіл жүк емес. «Заманнан қалма» деген талаппен олардың мойнына жаңа міндет арта салдық. Бағдарлама функцияларына бірі лезде икемделсе, енді бірі ақылы курстардың табалдырығын тоздырып жүр.

Информатик Ақбота



Уақыт – бір орында тұрмайтын өзен. Кеше ғана таңсық көрінген жаңалық бүгін қалыпты құбылысқа айналып, өртен тарих бетінде қалмақ. Осындай алмағайып заманда ұстаз болу – тек мамандық емес, заманмен бірге тыныстау, дәуірмен бірге жаңару деген сөз. Осы жолды саналы түрде таңдаған жанның бірі – Ақбота Ергалиева.

Білім саласында онжылдық тәжірибесі бар ол – ізденістен жалықпайтын жас ұстаз. Ұстаздықтың қасиетті табалдырығын ол 2016 жылы аудандағы әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейде аттап, бүгінде сол білім ордасында шәкірт тәрбиелеп келеді.

Ақбота Жомартқызының информатика пәніне деген алғашқы қызығушылығы мектеп қабырғасынан бастау алған. Оқушы кезінен-ақ ақпараттық технология әлеміне ынтығып, әр сабақты ерекше ықыласпен қабылдайтын. Сол бала күні сүйікті пән мен ұстаз болу мұраты уақыт өте бір арнаға тоғысты. Нәтижесінде ол информатика пәнінің мұғалімі мамандығын таңдап, бүгінде өз таңдауының дұрыстығын күнделікті еңбегімен дәлелдеп жүр.

– Қазіргі заман бір орында тұрмайды. Құн сайын жаңа технологиялар, жаңа бағдарламалар өмірге еніп жатыр. Оған тек мұғалім ғана емес, оқушы да ілесуі тиіс. Сол үшін біз үнемі ізденісте боламыз, – дейді ол.

Жуырда аудан көлемінде өткен «Жасанды интеллект – болашақтың көпілі» атты семинар да осы ізденістің айқын көрінісі болды. Ұлағатты ұстаз әріптесі Аружан Талғатқызымен бірлесе семинар аясында «ЖИ және білім: мұғалім vs жасанды интеллект» тақырыбында аудан мұғалімдеріне арналған тренинг ұйымдастырып, топтық жұмыстар жүргізді. Тренинг мақсаты да айқын еді: Жасанды интеллекттің білім саласындағы мүмкіндігін саралау, сыни ойлау мен цифрлық сауаттылықты арттыру, технологияны жауапкершілікпен пайдалануға баулу.

Шындығында, жасанды интеллект – адам ақыл-ойының кейбір қырын техника тіліне көшірген жанаңашыл жүйе. Ол білім беруде үлкен көмекшіге айналып отыр. Оқу материалын жекелей бейімдеу, тапсырмаларды автоматты тексеру, уақытты үнемдеу, онлайн тесттер, интерактивті тапсырмалар, презентациялар мен бейнематериалдар дабындау, мұның бәрі – мұғалім еңбегінің ажырамас бөлігі.

Алайда Ақбота Ергалиева бір нәрсені анық айтады: технология қанша дамығанымен, жасанды интеллект ұстаз орнын баса алмайды. Себебі мұғалім – тек білім беруші ғана емес, тәрбиеші, бағыт-бағдар беруші, шәкірт жүрегіне жол табатын тұлға. Ал адам жанына жылу ұялататын қасиет ешбір бағдарламаға сыймайды. Иә, жасы үлкен мұғалімдер үшін жаңа технологияға бейімделу оңай емес. Бұл – өткіңші кезең. Ал ұстаздың адамдық миссиясы – мәңгілік.

Сабақ үстінде ол бағдарламалау тілін құрғақ код деңгейінде емес, ойлау мәдениетінің кілті ретінде ұсынады. Python мен Scratch – жай ғана бағдарлама емес, логика мен қиялды қатар жетелейтін құрал. Бүгінде барлық сыныпта Python бағдарламалау тілі жүйелі түрде оқытылып, оқушы санасына алгоритмдік ойлау еркін сіңіп келеді. Ақбота Жомартқызы сабақ барысында интерактивті ойындардың саналуан түрін ұтымды пайдаланады. Оның сөзінше, түрлі цифрлық платформалар арқылы берілген тапсырмалар оқушы үшін жай міндет емес, қызыққа толы сәтке айналатын көрінеді. Бірі алға ұмтылып, бірі қатардан қалмауға тырысып, білімге деген ынтыасын талас арқылы танытады. Әрине, осындай сапалы сыныпты сағатта ғана әр бала оқу процесін сырттай бақылаушы емес, оның тікелей қатысушысына айналады.

Осынша уақыт бедерінде ұстаз еңбегінің нәтижесі де айқын көріне бастады. Соның бір дәлелі – шәкірті Телғара Балқының информатика пәнінен пәндік олимпиадада олжалы болуы. Ауыл мектептеріне арналған республикалық олимпиадада ол екі жүй қатарынан аудандық және облыстық кезеңдерде топ жарып, жүлделі бірінші орын иеленді. Ал білім бәсекесінің биік сатысы, яғни республикалық кезеңде жүлделі екінші орынмен оралып, ұстаз абырқойын асқақтатты.

Қорыта айтсақ, жасанды интеллектіні сабақ барысында орынды әрі сауатты пайдалану – бүгінгі заманның бұлтартпас талабы. Уақытпен үндесу – таңдау емес, жауапкершілік. Ал сол жауапкершілікті терең сезініп, жаңашылдықты педагогикалық пайдаға жарап білген мұғалім ғана ертеңгі білімнің бағытын айқындай алады.

Технология – мақсат емес, құрал. Ол ұстаз қолында ғана шын мәнге ие. Жасанды интеллектіні меңгеру мұғалімге жүктелген кәсіби парыз болса, оны тәрбиелік миссиямен ұстастыра білу – нағыз ұстаздық биіктік. Осындай жаңалықтан қорықпай, керісінше оны шәкірт игілігіне жаратып жүрген ұстаздың алда бағындырар белесі айқын.

Г.БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ

“Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2015 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет эр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Гүлжан ЕСЖАН